

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 37 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 наурызда № 6910 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № 124 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 19.08.2021 № 124 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес, Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

1) елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жүз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгілеу.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауданы әкімі*

*А. Шәмшиев*